

## 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 12 ақпандағы № 34 қаулысы

"Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Байғунысовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Маманбаев

Аудан әкімдігінің 2026 жылғы " \_\_\_\_ " \_

\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ қаулысына  
қосымша

## 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтер

№	Мекеме түрлері	Қызмет алушылардың түрлері	Күніне 1 қызмет алушыға арналған тариф, (теңге)
1	Үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету	1) психоневрологиялық ауытқулары бар бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар; 2) тірек-қимыл аппараты бұзылған бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар; 3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдар. 4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар; 5) егде жасына байланысты өзіне қызмет	3033 теңге

	көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар.	
--	--------------------------------------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК